


МЫРЗАТАЙ  
ЭГОЛДАСБЕКОВ



ЖҮЗ ЖЫЛ  
ЖЫРЛАҒАН  
ЖҮРЕК






МЫРЗАТАЙ  
ДИГОЛДАСБЕКОВ



ЖҮЗ ЖЫЛ  
ЖЫРЛАҒАН  
ЖҮРЕК



Зерттеу

АЛМАТЫ  
«ЖАЗУШЫ»  
1992

ББК 83.3 Қаз  
Ж 69

**Жолдасбеков М.**

**Ж 69** Жүз жыл жырлаған жүрек: Зерттеу.— Алматы:  
Жазушы, 1992.— 320 бет, портр.

ISBN 5-605-01375-0.

Белгілі қоғам қайраткері, танымал әдебиетші М. Жолдасбековтың бұл кітабында ХХ ғасырдың Гомері атанған жүз жыл жырлаған жыр алыбы Жамбылдың қайталанбас шығармашылығы мен халқымыздың ұшан-теңіз байлығы — поэзиямыздың кешегі, бүгінгі жүріп өткен жолына жан-жақты талдау жасалынған. Сондай-ақ, мұнда Жәкеңнің ұстаздары мен тұстастары және шәкірттері хақында берілген аса құнды мағлұматтар да мол. Кітап жыр маржанын қадір тұтатын көпшілік қауымға арналған.

**4603020100—072**

**402(05)—92**

без обьявл.— 92

**ББК 83.3 Қаз**

ISBN 5-605-01375-0

© «Жазушы» баспасы, 1992

## БАСТАУ

Қазақ халқының ақындық өнерінің даму тарихында Жамбыл Жабаевтың алатын орны айрықша зор. Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы немесе Жамбылдың асқан ақындық өнері, оның тамыр тартқан тереңі мен даму, жалғасу жолдары — қазіргі әдебиеттану ғылымының үлкен де күрделі, маңызды да мәнді мәселелерінің бірі.

Қазақ халқының ұлы ақыны, жиырмамыншы ғасырдың Гомері, халық поэзиясының феномені атанған Жамбыл Жабаевтың шығармашылық ғұмырнамасы осы кезге дейін ғылыми тұрғыдан жан-жақты, толық зерттеле қойған жоқ. Әсіресе, осындай ірі тұлғалы, екі дәуірді басынан кешірген, замана шежіресіне айналған ақынның революцияға дейінгі өмірі мен ақындық қызметі бүгінгі күнге дейін арнайы іздестірілмеген, толықтырып, бір жүйеге келтірілмеген еді. Жамбыл жөнінде жазылып жүрген еңбектерде ақынның көбінесе, совет дәуіріндегі, әсіресе, 30-40 жылдарғы жыраулық даңқының бүкіл дүние жүзіне танылып шарықтаған шағы қамтылып, баспасөз бетінде кеңірек жазылды да, оның революцияға дейінгі өмірі, жастық шағы, ақындық ортасы, ұстаздары, сондай-ақ тұстастары және шәкірттері, қысқасы Жамбылдың ақындық дәстүрінің бастау алған негіздері, қалыптасуы мен өркен жайып, даму жолдары да, оның ғажап ақындық шеберлігінің сырлары да толық ашылмай келеді. Бұл жөніндегі еңбектерден С. Бегалин, Ә. Тәжібаев, М. Ритман-Фетисов бірлесіп жазған Жамбылдың өмірбаяны жайлы очеркті, Е. Ысмайылов, Қ. Зелинский кітаптарын, Ә. Байтанаев, Қ. Тұрғанбаев, К. Бейсембиевтың кандидаттық диссертацияларын, тағы басқа бірқатар еңбектерді атар едік.

Бұдан кейінгі жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер инсти-

туты қызметкерлері әзірлеген «Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы», «Жамбыл Жабаев творчествосы» атты қос жинақты және «Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы» атты зерттеу, Н. Төреқұлов, С. Садырбаев, Қ. Жұмаділов, тағы басқалар жазған кітаптар мен құрастырған естелік жинақтарын қосуға болар еді.

Халық таланттарын, олардың асыл мұраларын қастерлеп халық игілігіне айналдырамыз, зерттейміз десек, Жамбыл жайлы айтылар сөз әлі де аз емес, жинақталған қыруар материалдарды жүйелеп, саралап, тереңірек зерттейтін мезгіл жетті.

Жамбыл жайында бір ауыз сөз айтып, мақала жазбаған әдебиетші кемде-кем. Соған қарамастан ақын мұрасы әлі толық зерттеліп болған жоқ. Жамбылдың ғылыми өмірбаяны әлі жазылған емес, ақындық ортасы толық ашылмай отыр, ақындық шеберлігі де арнайы қарастыруды қажет етеді. Осы үш мәселе шешілгенде ғана, ұлы ақынның мұрасы дұрыс және тұтастай танылатын болады. Еңбектің басты мақсаты — осындай күрделі әдеби құбылысты жан-жақты тану.

Жамбылдың шығармашылық өмірінің 75 жылдығы тұсында Қ. Алтайский жасаған анкеталық 56 сұрақ-жауап негізінде ақын өмірбаянының алғашқы жазбаша нұсқасы жасалды. Мұның өзінде де революцияға дейінгі кезеңі өте мардымсыз қамтылған еді. Жамбылдың революцияға дейінгі өмір жолы туралы тың дерек, жаңа хабар табу мүлде қиын екендігі сөзсіз. Ақын өмірбаянын толықтырып, оның ғылыми нұсқасын жасауда өнерпаздар мен көнекөз қариялардың, білімпаздардың Жамбылдың өзінен, ел арасынан естіген, білген деректері айтарлықтай септігін тигізді. Ақынның кейбір шығармаларының тарихына баланысты ел жадында сақталған, қағазға түскен хабарлардың да маңызы жоғары. Жамбылдың 25 пен 60 жас аралығында шығарған, одан беріде халық өнерпаздары арқылы бізге дейін жеткен туындылары мен олардың шығу тарихы жайында ел арасында сақталған әңгімелерді өзара сабақтас және басқа белгілі материалдармен байланыста алып пайымдау ақын өмірінің кейбір мезеттерінің, кезеңдерінің шындығын тануда үлкен қызмет атқарды.

Жамбыл творчествосымен, оның ақындық құдіреті мен мектебін зерттеу мәселесімен ширек ғасырдай үздіксіз айналысып келе жатқаным оқырман қауымға мәлім ғой деп ойлаймын. Мен ұзақ жылдар ел аралап, Жамбылды көрген, оның ұстаздарын, Жамбылдың алдында

өмір сүрген ақын-жырауларды, шешендерді, күйші-өнерпаздарды білетін, көкірегі жазулы хаттай зерделі ақсақалдармен, халық таланттарымен, қарт ақындармен кездесіп, хат арқылы хабарласып, құнды материалдар жинағанмызды еске сала кеткіміз келеді. Аса құнды деректердің көбін біз Жамбылдың шәкірті, айнымас серігі Кенен Әзірбаевтан алдық.

Атақты Сауытбектің жиені Смайыл Қалипанов маған жолдаған бір хатында былай деп жазады:

Жүрсіндер білім жинап Алматыда,  
Қартайып тұрған шалмыз жар басында,  
Қолымда бабалардың мұрасы бар,  
Көміліп топырақта қалмасын да,  
Шылықпен өтіп кетті білген өнер,  
Мойынкүм, Қордай, Шудың арасында,  
Өзіңе бәрін тегіс тапсырайын  
Ішінен жарағанын аласың да.

Біз Смайыл ақсақалдан Сауытбектің мұрасын толығырақ, Қылышбай, Балқыбек, Мырзабай, Орақбай ақындардың шығармаларын, Қуандық пен Сарбастың ұзақ айтысын жазып алған едік.

Жамбыл облысы Луговой ауданынан қарт ақын Қазыбай Бижанов пен Шу бойындағы Асылбеков Сауран ақсақал да Балқыбектің, Орақбайдың, Өзбектің, Бармақтың творчествосынан құнды деректер жіберген еді.

Қордайлық қарт шежіре Өміркүл Құлшықов пен әдебиет пәнінің мұғалімі Жақып Әбдірахманов Өтеген батырдың өмірінен; Тілеміс, Әлмейін ақындардың шығармашылығынан, меркілік қарт ақын Өмірбек Қабылов Сүйінбай, Майкөт, Мырзабай, Өзбек, Жидебай ақындардың мұрасынан құнды мәліметтер берген болатын. Олардың біразы бүгінде арамызда жоқ. Соншама қымбат қазына сақтап, бізге жеткізген зерделі, ескерулі азаматтарға алғыс айтуды, дүние салған қадірлі ақсақалдардың аруағы алдында бас июді өзімізге борыш санаймыз.

Жамбыл алдымен халық жырауларынан үйренген, ел өнерінің қайнар көзінен, мөлдір тасқынынан туған, сол өнердің бөлеуінде өскен. Жамбылдың үлгі-өнеге алған мектебі — Сүйінбай, Қабан, Шөже, Майкөт, Жанак, Түбек, Майлықожа, Құлыншак, Бақтыбай, Қуандық тәрізді іргелі ақындар, Кебекбай, Ноғайбай, Сапақ, Бөлтіріктердей от ауызды, айыр көмей шешендер, Қанадан, Байсеркедей, өнері асқан күйшілер. Бұған Жамбылдың ақындығын өзімен сайыса жүріп шындаған: Құлмамбет, Сарбас, Шашубай, Айкүміс, Досмағамбеттердей өрелі

ақындарды, кезінде жиын-тойда бас қосқан, үзеңгілес, Әсет, Жүсіпбек қожа, Тілеміс, Әлмейін, Әлмен, Ләтипа, Балқыбек, Мырзабай, Өзбек, Шарғын, Қарабек ақындарды, Жолдыбай, Жантай күйшілерді, Қосай шешенді, шәкірттері Мақыш, Шүкітай, Әпежек, Бармақ, Кенен, Үмбетәлі, Өтеп, Саяділ, Құстүтін, Өмірзақ, Құрама, Әбдіғали, Жартыбай ақындарды қоссақ, академик М. Әуезовтің: «Жамбылдың өз айналасына келгенде, қоюланған қалың үйір, үлкен шоғыр, ордалы өлеңді көруге болады» деген сөзі толық расталады.

Міне, осы аталған қалың, іргелі ақынның көбінің шығармашылығы әлі зерттелген жоқ. Біздің кітабымыздағы Қабан, Сүйінбай, Майкөт, Қуандық, Құлмамбет, Сарбас, Орақбай, Сауытбек ақындардың өмірінен, шығармашылығынан берілген жаңа деректер сол кемшіліктің аз да болса орнын толтырар деген үміттеміз. Жамбыл бұлардың біразынан үйренген, біразымен тең-қатар жүрген, кейбіріне ұстаз болған.

Жасы жүзге жеткенше жырлап өткен Жамбыл бабамыздың өшпес өнері қай қырынан алып қарағанда да таңқаларлық құбылыс. Өскен, өркендеген елдерде Жамбылдай ұлы даңғыл ақындарының шығармашылығын жілікше шағып, туындыларын егжей-тегжейлі талдаумен тынбай, талант иесінің әр қадамын, өмірінің әр сәтін үлкен әңгіменің арқауы етіп жатады. Осындай мінез бізге де ауадай қажет-ақ. Бұл зерттеу еңбегімізде Жамбыл Жабаевтың өзінің шығармашылық жолы жайында ғана емес, оның ұстаздары, тұстастары мен шәкірттері жөнінде де әңгімелеп, осынау ұлы жырдың бастау-бұлағы, дәстүрдің жалғасы, бүгінгі көрінісі туралы да қолдан келгенінше ой түйге әрекет жасадық.



## ЖЫР-ҒҰМЫР

Жамбыл Жабайұлы 1846 жылы ақпан айының соңғы күндерінде дүниеге келген. Туған жері — Жамбыл тауының бөктері. Шу өзенінің құяр сағасына жалғаса тізбектелген Жамбыл, Хан, Байғара, Шағырлы тау сілемдері бүгінде Жамбыл облысының Шу, Мойынқұм аудандарына қарайды.

Жамбыл дүниеге келгенде Жетісу Қоқан хандығының қол астында еді. Қоқан ханы Құдиярдың Жетісу еліне салған лаңы аз емес-ті. Оның датқалары елді жаялыққа айналдырып, аузына қақпақ, басына тоқпақ болған. Опасыз шапқыншылықтан әбден ерқашты болып титықтаған қалың жұрт сынаптай сырғып, жөңкіліп көше берген. Ығысып, үдере көшкен сондай бір боранды қыста Ұлдан ана көш жөнекей түйе үстінде толғатып, болашақ ақын ықтырма күркеде дүниеге келеді.

Жамбылдың өзін көрген, өмір жолын білем дейтін кісілердің айтуынша, жаудан ығысып көшіп келе жатқан ауыл толғақ қысқан Ұлдан ананы көрген соң, көшті тоқтатып, жүк артқан түйелерді шеңбер жасай шөгеріп, айнала жүкпен қоршап, киіз тұтып, ықтырма жасайды. Ұлдан ана осы ықтырмада босанады.

Жамбыл бірде өзінің шәкірті әрі інісі Кенен Әзірбаевпен кең жайлауды аралап, Құлансаздың биік жотасынан төңірекке көз жіберіп:

— Сонау мұзбен жүгенделіп, тас арқалап қомдалған Құмбелден бері қарай картадай қатпарланып төгілген төс — Қарақия талай отырған жеріміз. Батысқа қарай созылып шөгіп жатқан Шетендінің жотасы — Қырғызбай шекарамыз. Қарақияның басы Қарақастек өзенінің тұйығымен құшақтасып жатыр. Соның оң босағасынан бері қарай төгіліп жатқан Қарабастау, Құлансаз, Көктұма, Желдісай. Бұл жағы Майтөбеге келіп қойындасады. Көгендеген қозыдай көк бұйра адырлар қабат-қабат

жасыл барқыт сияқты, қоңыр самал желі үзілмейді. Шайдай ашық боп тұрып кейде бұлты үркіп шыға келеді де, лезде шымқап алып нөсерлетіп құя салады. Осындай ала құйын мінезі де бар.

Күнде басын шүйкелеп,  
Аспанға басын үйкелеп.  
Қағып-сілкіп тұратын тау емес пе бұл!

Мұның қай сыры мәлім емес бізге? Сонау ойдым-ойдым көгергендердің бәрі елдің жұрты — көбі байдың жұрты. Он төрт жасынан бері көрген жерін кісі білмесін бе. Сонау арғы жақтағы Қарағайлының кезеңі — Шалтабайдың жұрты. Майтөбенің кезеңі — Жылқыбайдың жұрты. Бұл жұрт жиырма тоғызыншы жылы ғана босады, — деген екен. Жәкең өмір бойы қызықтап, жырына қосқан сол Құлансаз батысында Майтөбемен құшақтасып, одан әрі Суықтөбемен жалғасады. Суықтөбе Алатаудың сілемін Қордай жотасымен жалғастырып аяқтасады.

Міне, Шапырашты-Екейлер жаз бойы Құлансаз, Суықтөбе жайлауларын самалдап жайлайды да, қыста Байғара, Ханжамбыл тауларының қойнауын паналайды. Жамбыл туғанда атасы Ыстыбай жиналған жұртқа:

— Елім, жұртым, біз естіп-білгелі Шапырашты екі жерде жан сақтап келеді, жаз Құлансазды жайлаймыз, қыс Ханжамбылды паналаймыз. Қалың елге пана болған қойны жылы, қойнауы құт Ханжамбыл — қасиетті тау. Ханжамбылдай биік әрі елге пана болсын, немеремнің атын Жамбыл қойдым, — деп нәрестенің құлағына үш рет айқайлап, батасын беріпті.

Жамбыл дүниеге келген шақта керең дүние кедейдің үнін естімеуші еді. Қыспаққа төзе алмаған халық алымсалықтан бас тартты, азаматтар атқа қонды. Саурық, Сұраншы, Андас, Сарыбай ел ішінен қол жинап, Қоқан ханының Жетісуға сайланған бегі Қанатшаға қарсы күреске шықты. Халықты біріктіруде аталған батырлардың еңбегі зор болды.

Саурық, Сұраншы — ағайынды кісінің балалары, Саурық үлкен, Сұраншыны батырлыққа тәрбиелеген. Алпыс жасында Суықтөбе бауырында дүние салады, сонда жерленген.

Сұраншы (1817—1864) — ержүрек, қайтпайтын қайсар, зор денелі, ұзын бойлы, сол жақ бетінде шешектен қалған дағы бар, даусы жуан, сөзге шешен, қарашұбар кісі екен.

Орыс армиясымен келісіп, Сұраншы мен Сарыбай би бес мың қол жинап, Ұзынағаш түбінде Қанатшаның қалың қолын талқандап, өз жерін Қоқан қыспағынан азат етеді. Бұл соғыста Сүйінбай Сұраншының сарбаздарына жалынды жырмен дем берген, жауынгер үгітшісі, ұраншысы болған. Шоқан Уәлиханов Гутковскийге жолдаған хатында Сұраншының орыс армиясына адал екендігі жөнінде ашық жазады. Сұраншы Қоқан хандығынан Әулиеатаны азат етіп, Ұлы жүз батырларының Қоқанға қарсы соғысында Сайрамда 1864 жылдың шілдесінде ерлікпен қаза табады.

Сарыбай аяғынан жараланып, Ташкенге дейін барады. Осы сапар полковник шенін тағынады. Сайрамнан Сұраншының сүйегін әкеліп ауылына жерлеген де осы Сарыбай.

Міне, Жамбыл осындай қарбалас кезеңде, аласапыран қыспақ заманда дүниеге келген.

Жамбыл бала күнінен бетті болып еркін өседі. 8—9 жасқа келген соң-ақ қойшылармен, жылқышылармен бірге жүріп, солардан неше алуан аңыз әңгіме, өлең-жыр естиді. Өзі де жыр айта бастайды. Асау тай үйретіп, бас білдіруді де өзінің ең сүйікті қызықты әдетіне айналдырады. Сөйтіп, жарқын жүзді, көпшіл өр мінезді қайсар Жамбыл ел ішіне тез танылады. Оның көргенділігі де елге қатты ұнайды.

Бірде ол ауыл сыртынан Қазыбек деген қарт кісіні көріп, оған арнайы бұрылып келіп сәлем береді. Қарияның жолаушылап келе жатқанын біліп, үйіне шақырып алып келеді, атын байлап, үйінің есігін ашып, өзін төрге шығарады. Бел жазып, үй-ішімен жөн сұрасып, көңілі жайланған қонақ Жападан баласының жасы, ісі туралы сұрайды. Жапа баласының ісін айтып, ісіне көңілі толмайтындығын білдіргенде, Қазыбек ақсақал: «Жүзі ашық жанары нұрлы екен, бетін қайтарма, теріс кетпес» дегенді айтады. Жамбылдың бала кезіне қатысты осы секілді басқа да әңгімелер бар.

Жамбылдың ата-тегі кедей, момын шаруа болған. Әкесі Жабай орта бойлы, жұмыр денелі, ат үстінде әбжіл, найзагер кісі екен. Досына мейірбан, дұшпанына қатал болса керек. Оның ел, жер, барымта дауларына араласып, бітімгершілік айтқан кезі де болыпты. Осындай ерекше мінезін, жауынгерлігі мен бітімгерлігін ұнатқан Әшекей оны қасына алып, өзінің малшы жігіттеріне басшы етіп ұстайды.

Жабайдың жұбайы Ұлдан Орымбетқызы Жаныс елі-

нен. Олардың ата-бабалары ертеде Қаскелен, Шу, Талас және Ұзынағаш бойында көшіп-қонып жүрген. Әшекей — сол Жаныс елінің ауқатты, белді адамы.

Ұлдан көп сөйлемейтін, сөйлесе тауып айтатын, тұрашыл тік мінезді, әрі абысын-ажын арасында бетті, беделді ана болыпты. От көзді, тәмпіш мұрынды, бүйрек бет, нұрлы жүзді, қызыл шырайлы кісі екен. Жамбыл сол анасынан айнымаған деседі. Ұлдан той-жиындарда қиыстырып өлең айта беретін, әсем дауысты әнші екен. Бірақ онысын өнер тұтпаған.

Жабайдан Тәйтi, Жамбыл, Қоман атты үш ұл туған. Жабайдың әкесі Ыстыбайдан Қазыбай, Жабай, Жадыра туады. Ал Ыстыбай Байтөбет деген кісінің тоқалынан. Оның бәйбішесінен Бұғы, Марал, Бәйт тарайды. Бұғыдан Кененбай, Байбосын, Денгелбай, Теңселбай деген төрт жігіт — бәрі де өнерпаз, сері, домбырашы, әрі палуан болыпты. Маралдан Мейірман, Сәтбай, Мырзалы, Шопа, ал Бәйттен — Халық, Алтай, Ыдырыс. Бұлардың Шопадан басқасы момын шаруа екен. Шопа найзагер, батыр болған деседі. Байтөбеттің әкесі Сәдібек кезінде ел билеген кісі көрінеді. Одан Алтыбай, Жетібай, Толыбай, Ырысбай туған. Сәдібектің әкесі Сопак, одан Таңатар. Оның әкесі Өтеп — Жамбылдың жетінші атасы. Ол Бертіс деген атадан тарайды. Бертістің Өтеғұл, Солағай, Қәдіршік, Төкеш деген балалары болған. Бертіспен Ақтөбет Жерімбет деген батырдың бәйбішесінен, ал оның кейінгі әйелінен Әжібай, Әлти тарайды. Әжібайдан туған Қосай сол елдің айтулы шешені, әрі батыры екен. Оның алдынан сөз шешімін таппай кетпеген.

Қырғыз, қазақ бас қосса топ жарады,  
Жиреншедей тілі бар ер Қосайдың —

дегенде Жамбыл сол Қосай бабасының тапқыштығын айтқан. Ал Әлти, оның баласы Күсеп өз дәуірінің өнерпаз ақын, қобызшысы болыпты. Күсептен Арон, одан атақты Сүйінбай тарайды.

Жерімбет, Бейімбет Екейдің бәйбішесінен туған. Тоқалынан Әнет, Шиет тарайды. Бұл екеуінің анасы — Алтынайды ел «бұйдалы келіншек» дейді екен. Себебі, ол келіншек болып түскенде мойнына алқа, танауына зер салып келсе керек, екі көзі танадай, аса көрікті еді деседі. Содан Әнет, Шиет тұқымын ел «бұйдалы» деп атап кетеді. Сонымен Екей Жамбылдың оныншы бабасы болып шығады. Ол Шапыраштының үшінші ұрпағы.

Екей жұрты кезінде:

Екейде елу бақсы, сексен ақын,  
Жаратып мінеді екен ерттеп атын.  
Қобызы, домбырасы үнін қосып,  
Гүлейді жын қаққандай кешке жақын,—

дейтін ақын, жыршылық өнер дарыған орта.

Екейлер ертеде бытырап, әр ру ішінде қоңсы қонып басы бірігіп, бір жерде қоныстанбаған ел екен. Олар бірде Шу өзенін өрлеп, Кіндіктас, Сарыбұлақ бойын жайлап, кейде Алатау бөктерін жағалай көшіп-қонып жүрген. Екейлердің бытырап көшіп жүруінің себебін ел былай әңгімелейді:

Әлгіде айтылған Әлти жігіттері Дулат Әймембеттің үйірлі жылқысын барымталап, қырғыз тауының бір қуысына жасырады. Әймембеттің Сексен деген баласы құс салып жүріп, «Қордай асып, қырғыз тауының шығыс бөктерінде қаптап жатқан жылқыға кезігеді де, жылқы үйірін таниды. Әсіресе, Әймембеттің көзіне атасының Жиренқұла айғыры оттай басылады. Ол еліне қарай айдамақ болғанда, Әлти жылқышылары оны соққыға жығып өлтіреді де, астындағы қара жорғасын қырғыз еліне асырып жібереді. Сексеннің тазысы мен құсы еліне барады. Жігіттер ізге түседі. Бірақ Сексенді таба алмайды. Кейін Дулат елі қырғыздан жылқы сатып алса, ішінен Сексеннің қара жорғасы шығады. Сұрастыра келсе, Сексенді Әлти жігіттерінің өлтіргені анықталады. «Қанға қан» деп енді бүкіл Дулат көтеріледі. Сексенге жеті ердің құнын сұрайды. Екей елі құнды төлемек болады. Екейдің малы жетпей, қарызданып әрең құтылады. Ел ыдырай бастайды. Бір ауылы Найман арасына, енді бірі Іле бойындағы Сарыүйсінге, бірі Албанға сіңісіп кетеді. Жапа әулетімен Жаныс ішіндегі Әшекей байға барып паналапты. Сонымен Екейлердің ата қонысын Дулаттың Сәмбет деген руы мен Есқожа ұрпағы басып қала береді.

Кейін Айдос баласы Сарыбай атқа қонып, сол бытыраған елдің басын қосқан дейді. Осы бытырау Екей еліне мін болады. Өзара айтыста да, Жаныс ақынмен айтысында да үнемі осы сөз етіледі.

Ел ішінен «Екей ел болды, ешкі мал болды» деген мәтел де шығады. Екей өзінің аталас руы Есқожа елімен үнемі айтысып, шабысып өткен. Есқожадан батыр, бай, жуандар көп шыққан. «Сәтина мен Намаз» айтысында осы аңыз айтылады. Сәтина — Есқожаның Қараш деген батырының немере қызы. Ал Намаз Екей ақыны. Екеуі

тойда кездесіп айтысқан деседі. Намаз жеңіп, айтыстың ағы төбелеске айналады. Есқожаның датқасы Андас:

— Тойымды бұзды, жігіттерің айып төлесін — депті. Оған Сарыбай:

— Уәж айтқанға айып төлей беретін енді Екей жоқ. Андасқа сәлем де, қарындасын тыйып алсын!— дейді. Осыдан былай Екейдің еңсесі көтеріліп, Есқожа елі жайына қалады.

Есқожа Шапыраштының екінші баласы. Оның Айқым деген ағасы, Еміл, Екей, Шыбыл деген інілері болған. Бұлар Сүйінбай, Жамбыл дастан етіп жырлаған Сұраншы, Саурық батырлардың арғы аталары.

Ал Жамбылдың он бірінші бабасы — Шапырашты және оның үрім-бұтақ тармақтары жөнінде ел арасында шежіре, аңыз өте көп. Ұлы жүздің Бәйдібек деген ел басы батырының үш әйелі болған. Бұл — Жамбылдың он бесінші бабасы. Оның Сары бәйбішесінен — Қалша, Жақып, екінші әйелі Зеріптен (аса көрікті, кербез, үнемі сыланып әсем киініп жүргендіктен ел оны Сыланды сұлу деп атап кеткен) Жәлмембет, одан Мапырашты, одан Шапырашты тарайды. Жәлмембеттің екінші әйелі Қарашаштан Ысты, Ошақты елі шығады. Бәйдібектің үшінші әйелі Нұриладан (Домалақ анадан) Жарықшак, одан Албан, Суан, Дулат тарайды.

Ата-бабалары, әсіресе Домалақ ананың асыл қасиеттері хақында Жамбыл өзінің Сарыбас ақынмен айтысында жеткізіп айтқан.

Ол кезде Қоқан хандығы Әулиеата, Меркіні жайлап, Жетісу қазақтарынан зекетті аямай жинайды екен. Ол аз болғандай қырғыз манаптары да ығыстырып, екі жақтан Шапырашты елін қыспаққа алған. Меркіні билеген Қоқанның Құсбек деген бегі зекет, ұшырды көбейтеді. Бір жолы Дулат Қоралас аулының бойжеткен қызы мен жаңа түсіп отырған келінін төре шақыртады деп Меркіге алып кетеді. Артынан Қоралас жігіттері Тойшыбек батырға барады. Тойшыбек Құсбекке бата алмайды. Сонда Тойшыбектің баласы Байсейіт:

— Әке, неге қорғалай бересіз, бата алмасаңыз мен барайын!— дейді. Байсейіт сонымен Құсбектің ақ ордасына кіріп барса, ол қыз-келіншекті жинап, өзі ортада қорқор тартып отыр екен.

Құсбек сасып қалыпты:

— Бала неге келдің?

— Жездеме сәлем бергелі келдім,— дейді Байсейіт.

— Мендей жезде тапқан адам тақиясын аспанға лақтырып қуанса керек еді.

Сонда Байсейіт сегіз өрме, бұзау тіс қамшысымен Құсбекті:

— Мә, саған жезде!— деп сабай беріпті. Сыртта тұрған жігіттер бекті үйден сүйреп ала жөнеледі. Бұл оқиғаның аяғы біраз қақтығысқа айналады. Байсейіт жігіттері жеңіп, қоқандықтарды мекеніне қуып тығады, аяғы бітімге келеді. Осы оқиғадан кейін Екейдің еңсесі тағы бір көтеріліп қалады.

Сарыбай — Шапыраштының Теке деген атасынан. Олар Есік, Түрген жағын мекендеп келген. Сарыбай жас кезінде Бөлек батырға барып қызмет етеді. Атын ерттеп, қолына су құйып жүреді. Бөлек көп сөйлемейтін, томаға тұйық адам екен. Жолшыбай келе жатып ол:

— Шырағым, осы сені маған кім жіберді?— депті. Сонда Сарыбай:

— Кененбай атам,— деп жауап беріпті. Кененбай батыр Бөлекпен дос екен.

Сарыбай Бөлектен бата алып еліне келеді. Сұраншымен бірігіп орыс әскерінің алдынан шығады. Сөйтіп, Сұраншы мен Сарыбай өзінің жігіттерімен Меркіге, одан кейін 1864 жылы ол Қолпаковскийдің әскерін бастап Сайрамға дейін жорық-сапар шегеді. Сайрам соғысында Сұраншы қаза болып, Сарыбай жараланады. Ол сонда да саптан шықпайды. Ташкенге дейін барады. Әскери шен тағып жігіттерімен еліне қайтады.

Сарыбай Ұзынағаштағы приставқа келіп, өз алдына дербес болыс болуды өтінеді. Ұлықтар рұқсат етеді. Осылай олар Есқожа болыстығынан бөлініп, Екей, Айқым бірігіп, Қарғалы болысы аталады.

Ел билігі қолына тиген ол жан-жақтағы бытырап жүрген Екей руын жинастыра бастайды. Іле бойындағы Сары Үйсін арасына сіңісіп кеткен «бұйдалы» тұқымын көшіріп алдырады.

Сарыбай орыс ұлықтарының сеніміне еніп алып, Есқожаны ығыстыра береді. Есқожа жерін бергісі келмегенмен, Қолпаковскийге сүйенген Сарыбай, белдесіп келгенде, шыдатпай жеңе береді. «Алты қасқыр андай шабады, ақсақ қасқыр жандай шабады» деген мақал осы кезде шығады. Алты қасқыр — Есқожаның ру басы алты адамы болса керек. Ақсақ қасқыр — Сарыбай еді деседі. Өйткені, Сарыбайдың оң аяғы ақсақ екен.

Жер бөліс кезінде талай таластар өтеді. Бір жазда Екей, Есқожа бірігіп, Тілеуқабыл ауылын тоған басынан

тайдырмақ болады. Төбелесте Тілеуқабыл руының жігіті Самсы Есқожа жағын беттетпей жүріп, тоған басында сойылға жығылады. Сол жер «Самсы» атанып кетеді. Осы соқтығысқа Жапа мен Жадыра қатысқан десе-ді ел.

Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылық қызметі өте күрделі. Ол жүз жасап, екі дәуірді басынан өткерген ақын. Жамбыл өмір сүрген дәуір Россияда демократиялық көзқарастың кеңінен қанат жайған, әдебиет пен мәдениет ілгерішіл, ағартушылық, демократиялық жолмен дамыған кез болса, Қазақстанда өндіріс орындарының ашылып, оған шетел өнеркәсіпшілерінің иелік еткен тұсы еді. Бұл кезде қазақ халқының саяси өмірінде күрделі өзгерістер болып жатты. Атап айтқанда, қазақ халқы Россияға қосылып, орыс халқымен экономикалық әлеуметтік қарым-қатынас жасай бастайды. Қазақ даласының терістік, батыс жағынан шығыс пен оңтүстігіне қарай бет алған орыс әскери экспедициясының алды Алатау атырабына жетіп, бекініс, қамалдар құруға кіріскен шақ. Бұл кезде Қазақстанның оңтүстік жағы, Жетісу өңірі түгелдей Қоқан хандығының қол астында еді. Осы кезде қазақтың байлары мен ел басқарған кісілерінде екі түрлі жол жатты. Бірі — орыс әскери экспедициясымен бірігіп қоқандықтарға қарсы шығу. Екіншісі — қоқандықтармен тіл табысып, орыстарға қарсы күресу. Жетісу қазақтары, оның ішінде Шапырашты руының Бөлек, Сұраншы, Сарыбай сияқты ел басы, батырлары орыс армиясына қосылады, сөйтіп қоқандықтарға қарсы шабуылға шығуға бекінеді.

Орыс әскери отряды Іледен өтіп, Үлкен Алматы өзеніне, Есік көлі маңына келгенде, сол отрядта Н. Г. Потанин де болған. Н. Г. Потанин орыс әскерінің Жетісу өлкесіне келу жолын, оған жергілікті ел адамдарының ықылас-ниетінің сипатын байқап, бағдарлап, білген жайларын қойын дәптеріне түсіріп отырған. Қаратал бойындағы қазақтардың орыстарды шын ықыласпен қарсы алып, өздерін Қоқан езгісінен құтқаратын күшті солардан тапқандай қуанады. Орыс әскеріне қалың бұқараның ұйғарымы бойынша жол көрсетіп, көмектесуші Бөлек батыр болады. Ол кейін Іле бойында да орыс әскерінің атынан жергілікті халықпен сөйлесіп отырған. Алматы өзені бойында халықтың үш күнге созылған үлкен жиналысы өтіп, онда орыспен бітім, немесе соғыс мәселесі талқыланады. Орыстармен достықты жақтаған Диханбай бастаған топ көпшілік қолдап, жеңіске жетеді.



Жеңіліс тапқан аз ғана топ Шу бойына қоныс аударады.

Ел өміріндегі осы аталған саяси-экономикалық өзгерістер Жамбылдың сана-сезіміне әсер етпей қоймаған. Ол бала кезінен-ақ еңбекші бұқараны қолдап өседі. Жастайынан еңбекші таптың жырын жырлайтын демократиялық, прогрестік бағыттағы ақын болып қалыптасады. Жамбыл өзінің ақындығының 75 жылдығы тұсында айтқан «Менің бақытым» атты өмірбаяндық әңгімесінде: «Мен өзімнің барлық өмірімде қыр қожайындарының бетіне шындықты қорықпай айтып, шайқасумен өттім», — деген. Ақын табиғатындағы бұл қайсар да асыл мінездің түп негізінде ол туған, өскен ортаның ілгерідегідей қайшылықты шындықтары да бар еді. Ақын дүниеге келген кезеңдегі тарихи шындық-ахуалды, ел ішінің тартыс-таласын егжей-тегжейлі әңгімелеп жатқандағы мақсатымыздың өзі де Жамбыл жырларындағы әлеуметтік сарынның бастау көзін ашу, талантын ұштай түскен қоғамдық құбылыстардың табиғатын тану.

Жамбылдың өнер жолында кедергі-тосқауыл аз болмаған. Соның бірі — әкеден. Өлеңмен шағым айтқан жас Жамбылға әкесі Жапа:

— «Екейде елу бақсы, сексен ақын» деген сөз де жетер, сен сексен бірінші болмай-ақ қой. Ақынның түбі — қайыршылық, бақсының түбі — жын, жын жиып, бақсы болып ел кезгенше мал бақ!» — деп қатал үкім айтады. Әкеден осылай көңіл қалып, тауы шағылғанмен, жас талант өзінің тұла бойын кернеген өлең жолынан қайтпаған. Қаршадай баланың:

Өлең кірген түсіне  
Жөргегінде мен болам, —

деуі де содан.

Жамбылдың әкесі Жабай (Жапа) өзгенің өзіне жасаған зорлығына қарымта ретінде жалғыз жүріп жортормандық жасайтын болса керек. Әкесінің сондай қылықтарын байқап қалған Жамбыл оған наразылық білдіреді. Әке ісін қаламайтынын, қолдамайтынын айта келіп, кісіні қапа қылатын қылықтан өзі аулақ болатынын, өлең мен жырды өміріне мұрат ететінін білдіреді

Батанды маған бер әке,  
Тіліме менің ер, әке... —

деп отырғанда, ақын бала әкесінің қолдауын, ақ жол тілеп бата беруін сұраумен бірге, жазықсыз біреуге зор-

лық жасап, малын олжалаудың түбі қорлық екендігін ескертеді, әкесінің осы айтқан сөзге тоқтауын талап етеді. Сонда Жамбылдың жасы 14—15 шамасында. Е. Исмайылов бұл өлеңді ақын он үш-он төрт жас шамасында шығарған десе, Ғали Орманов Жамбыл бұл тұста он тоғыз шамасында еді дейді. Мұның шындығын дәлелдеу үшін біз ақынның өз шығармаларына жүгінеміз.

Жамбыл ұстазы Сүйінбайдан бата алғанда, он бес жаста. Сүйінбайды пір тұтып, Жаныс ақынды жеңетінде ол жиырма жаста, «Сарыбайға» өлеңін айтқанда — он тоғызда.

Жамбыл Сарыбайды өмір бойы қадірлеп өткен. Албырттықпен қыз алып қашса да, молданың оқуынан безсе де үнемі би ағасына келіп жүгінетіні сондықтан. Оны біз ақынның мына өлеңінен білеміз:

Сар-еке, салдым бір сөз сыныңызға,  
Сіздің сын таразы ғой сырымызға.  
Қолыма домбыра алып талап қылдым,  
Бересіз қандай баға ұлыңызға?

Жаманның көңілі көкте, жерде басы,  
Алыс қой аңғарғанға екі арасы.  
Жақсының өзі кішік, бойы биік,  
Бірдей ме екеуінің мәртебесі.

Біреулер малмен бәрін бөктеріп жүр,  
Айтқанда ақыл нұсқа жек көріп жүр.  
Көтеріп дүниенің көң-қоқырын,  
Апарып қай шұқырға төккелі жүр?

Көңілі кейбіреудің бұлтта жүр,  
Ұстауға күн мен айды жуықтап жүр.  
Біреулер қара сөзді қамшы қылып,  
Қуды мініп, құланды құрықтап жүр.

Қайсысын маған соның еп көресіз?  
Әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз.  
Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз,  
Өлең болсын серігің деп берерсіз.

Ақындық өнерді мұрат еткен, сол сапарға белін бекем буған жас таланттың Сарыбайдың алдынан өтіп, одан ақындықтың — Сүйінбайдың жолын сұрауы Сарыбайдың өз еліне аса қадірлі екендігін айғақтайды.

Өлеңнің соңғы екі тармағындағы «Сүйінбайдың сүйгені» туралы ойды әр түрлі қабылдауға болады. «Сүйінбайдың сүйгені» дегенде, Жамбыл ақындықты, жалпы ақындық өнерді айтып отырғанға ұқсайды. Сүйінбай Жамбылға бата бергенде, оның жеке басының қабілетін,

ақындық өнерін танып, бойында тас бұлақтың суындай қайнап шығып жатқан жыр қайнарын көрген. Жоқ-жітік жасөспірімнің бойынан Сүйінбайдың тапқаны, сүйіп қадірлегені —оның осы ақындығы, өлеңі. Жоғарыдағы екі тармақтан ақынның өзіне Сүйінбайдың берген бата-сы туралы Сарыбайға әдейі айтып, Сарыбайдың да Сүйінбайша іс қылғанын қалап тұрғанын аңғаруға болады.

Ақын «Менің өмірім» шығармасында он жастан өлеңге көңіл бөлгенін, он бес-он алтыда ауыл таныған ақын болғанын, он жеті жасында жаңа биікке самғап шыққанын айтады:

Топ десе он жетімде тартынбадым,  
Семсердей майдандағы жарқылдадым.  
Ақынды ауылға ермек басып озып,  
Жұлдыздай көзге түсіп, жалқындадым.

Осы жолдарды оқығаннан кейін, ақынның «Әкеме» өлеңіне қайта оралсақ, онда оның он жетісінде «семсердей майданда жарқылдаған», «Жұлдыздай көзге түсіп, жалқындаған» ақынның айтқаны еді деу ойлауға, танымға қайшы келген болар еді. «Әкеме» өлеңі «семсердей майдандағы жарқылдаған» ақынның аузынан шықты деуге лайықты емес, бұл — ақындық жолды батыл қалап алғанмен, әлі де шеберлігі таныла қоймаған жасөспірім ақынның өлеңі деуге лайықты шығарма. Осы жайларды ескере отырып, біз Жамбылдың «Әкеме» өлеңі оның он төрт-он бес жасар шағында, Сүйінбай мен Сарыбайдан бата алғанға дейін шығарылған деген К. Әзірбаевтың пікірін шындыққа жақын деп білеміз.

«Ақын болдым он үште» деп басталатын 7—8 буыннан құралғын толғау-жырында ақын 13 жасынан 76 жас аралығындағы өмір жолдарынан елес береді. Әуелі жан-жағына жалтақтай қарап жүрексініп жүргені, 13 жасынан бастап ақындыққа шұғыл бет бұрғаны, ауыл-ауылды аралап, өзі тұстас біраз ақындардың аяқ алысын байқап, олармен өлең-жыр жарыстырып, сынасып келгені баян етіледі. Жамбыл жас кезінен-ақ мақтаншақтықты, мансапқорлықты, жалғандықты қаламаған, дүние құмаған. Оған ақынның мына шумақтары айғақ:

Жалған ақын кез болса,  
Жасқанып жол бермедім.  
...Өтірікті сүймедім,  
Дүние үшін күймедім.  
Алтынына біреудің  
Жолда жатса тимедім.

Жамбыл ақындық айтысқа 17—18 жасында араласып, көптеген өлең-жырларын, «Көрұғлы», «Өтеген» сияқты дастандарын да сол тұстарда жырлай бастаған.

Он жеті мен он сегіз,  
Тал шыбықтай бұралған.  
Жас ақын Жамбыл атақты,  
Он үштен бастап сыналған.  
Жүйесін тапқан жел сөзді  
Үйсін, Найман құп алған,  
Көрұғлы сұлтан, Өтеген,  
Шежіресін тындаса,  
Шығушы еді құмардан.

Оның алғашқы ақындық жолы теп-тегіс тақтайдай болмаған. Талай қиындықтарға, жоқшылық-тапшылық, кедергіге ұшырап күншілдіктің мергеніне кезігеді.

Жиырмаға жасым келгенде,  
Ор текедей желгенде,  
Алдымнан шыққан кес-кестеп,  
Жолықтым талай мергенге.

Бұған Жамбыл жасымайды, қайта өршелене күресе түседі, ақындық өнері бұрынғыдан да тасқындай береді:

Асылдан соққан ақ семсер,  
Келемін мен де қайыспай!  
Тот баспадым, сынбадым,  
Өзімді-өзім шындадым.  
Қырғыз-қазақ жиылса  
Топты жарып жырладым.

Бұл — ақынның өмір өткелдері жайындағы алғашқы туындыларының бірі. Өз ғұмырнамасын Жамбыл 1938 жылы да жырлаған. Ол, әрине бұдан толығырақ.

Жамбылдың ақындық жолға түсуінің ең әдепкі адымы өзінің алдындағы белгілі ақындардың өлендерін, ел аузындағы өлең-жырларды жаттап айтудан басталады. Жас ақын Жетісу елінің ертедегі салтымен бәдік, жарапазанды да көп айтады, көбіне күлдіргі, әзіл-қалжың өлендер шығарады. Жарапазанды сылтауратып жас ақын бірде әйгілі Сүйінбайдың аулына келіп, Сүйекеңнің үйінің сыртынан ат үстінде өленді ағытып қоя береді. Жамбыл ұзақ жырлайды, Сүйекең жалықпай тыңдайды.

Ей, өлеңім келді жол шегіп,  
Осынау елге алыстан.  
Түн болды, үйге ен дейтін  
Табылмай тұр таныс жан.

Ардақты үйдің иесі,  
Рұқсат ет кіруге.  
Бата бер менің жырыма  
Қуат бітіп үніме,  
Көңілін тапсын елімнің,  
Жар бол да, өзің жәрдем ет,  
Жібер мені бір демеп...

Алдына келіп, бата сұраған талапкерлердің көбін көрген, бірақ дәл мынадай тұнық жырды көптен естімеген Сүйінбай жастықтан басын жұлып алып, ақын баланы үйге шақырады.

— Шапыраштыда бір жыршы бала бар деуші еді, сол екенсің ғой, жоғары шық!— деп Жамбылды төріне шығарады.

Атағы алыс-жақынға бірдей тараған ақиық ақын мен жас қыран шын көңілмен ұғысып табысады. Ұлы ақынның өз өнеріне деген шын бейілін таныған Жамбыл неше алуан өлең-жыр тасқынын тасытып айтады. Келген қонағының жасы кіші болғанмен, өнері, ақындығы үлкен екендігін таныған, өз айналасынан осындай өнерпаздың өсіп келе жатқанына қуанған әрі риза болған қарт жырау: «Осы шабысыңнан тайма! Өлең-жырыңды дауылдата бер! Жолың болсын! Бақытың ашылсын, балам! Шындықты айт, әділдікті жырла! Көне, тозығы жеткен жолға түспе, жаңа жол, даңғыл жолға түс! Өлеңің бүкіл халық сүйсініп көңілімен иіліп тыңдайтын өлең болсын! Сенің көңіліңнің асылы патшаның қазынасынан да бай болсын!— деп бата береді. Бұл Жамбылдың он бес жастағы кезі еді.

Сүйінбайдың өз тұсында аса ірі тұлғалы шешен, алғыр ойлы, парасатты ақын болғаны белгілі. Оның өлең, толғау, айтыстарынан реалистік, демократиялық, халықтық сипаттар айқын аңғарылады. Сүйінбай өз заманының әділетсіздерін шен-дәрежесіне, бедел-бедеріне қарамастан сынап отырған. Еңбекші бұқараны, оның арасынан шығып, қорғаны болған Сұраншы, Саурық, Сыпатай сияқты батырларды жырлаған, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған.

Жамбыл өз бойына Сүйінбай ұстазының ақындық, азаматтық өмірінің осы қасиетін дарытады. Оның Өтеген, Сұраншы, Саурық, Жабай батыр туралы дастандарын және Тезек төремен, қырғыз ыршысы Қатағанмен айтысын үйренеді. Шәкірттің жаттап алғыштық қабілеті бұл кездері аса ересен болса керек. Бір жолы Сүйінбай өзінің алдындағы жүйрік, ділмәр ақындарды еске ала отырып, Жанкісі жыраудан сөз қозғайды.

— Наймандар арасынан Жанкісі деген батыл сөйлейтін шешен ақын шығыпты. Оның жасы бізден көп үлкен еді. Сол Жанкісі қоқандықтардың бір ұлығына барып былай депті:

Өзіңіз қосқан зекетші  
Біздің елде Жүзбай бар.  
Жүзбайдың жүрген жерінде  
Жылау менен ойбай бар.  
Шоңмұрат деген молдасы бар,  
Төлеген деген жорғасы бар,  
Атына жемді салуға  
Алты еннен қылған дорбасы бар.  
«Елі түсім» деп алады.  
«Кеусенім» деп алады.  
«Орта зекет» деп алады,  
«Құшақ зекет» деп алады.  
Айтайын десең ұрады,  
Ұрмақ түгіл қырады,  
Алдына салып айдайды,  
Ашулансаң байлайды.  
Әкімі жоқ қазаққа  
Теңдік жоқ деп ойлайды.  
Алса малға тоймайды.  
Ел ішінде ажарлы  
Қыз, қатынды қоймайды.  
Жақсыларды сөгеді,  
Ат үстінен тебеді.

Кенен Әзірбаев Жанкісінің бұл өлеңінің өзін де, шығу тарихын да Жамбылдан естіп, жадына тұтып қалғанын айтады. Жамбыл мұны ұстазы Сүйінбайдан естіген. Жанкісі ақынның осы өлеңі оның 1875 жылы жарық көрген нұсқасынан көп алыс кетпейді. Е. Ысмайылов өзінің «Ақындық өмір» кітабында бұл өлеңді тұтас келтіреді. 1885 жылы бұл өлең орыс тілінде басылған.

Жамбыл Жанкісіні көрмеген. Жанкісі дүниеден қайтқанда Жамбыл 3—4 жастағы жас бала. Бірақ есейе келе, ауыл ақындарынан, ұстазы Сүйінбайдан ел мүддесін қорғап сөйлеген көптеген ақындардың жырын тындайды. Жанкісі де сондай ақындардың бірі ретінде жас Жамбылдың есінде мәңгі қалып қояды.

Бір ауылға ақын келіпті десе, алдымен ақын, жыршы, өлеңшілердің құлағы елең ете қалатын әдеті емес пе? Олар бірін-бірі лезде іздеп тауып алады. Өлең, жыр хикаяларын тындасады. Өзара жыр жарыстырады. Тіптен қыза-қыза келе айтысып та қалады. Осындай ортада өскен Жамбыл талай майталман ақындармен кездесіп, өлең-жырларын ортаға салысып, сұхбаттасқан. Үлгісі, өнегесі озық ақындарды ұстаз тұтқан. Ж. д. м. 1910

Жамбыл кейінірек «Өсиет» деген өлеңінде:

Қылышбайдан таралып,  
Сөз нұсқасы келінген.  
Дос-жаранға, кемтарға,  
Қайырлы бол делінген,—

деп жырлаған. Сол сияқты Бақтыбайға кездескенде де ол:

Қаздай қалқып ерінбей  
Өлең тердім жасымнан.  
Майкөт ақын, Құлмамбет  
Орын берді қасынан,—

деп, сондай ірі ақындармен талай рет бірге болып, олардың бір қатарын ұстаз тұтқанын, біразымен терезесі тең тұрғанын айтады. Сонымен бірге өзі ұстаз тұтқан ақындардың кісілік, ізгілік жолына нұсқаған өсиет сөздерін де Жамбыл аса қадір тұтып, өзінің жырларында да, күнделікті тұрмыста да ұстаз өсиетін ешуақытта аттап өтпеген. Алдындағы ірі ақындарды ардақтаған, сөйтіп өзі де ақындық айналасына, ұстаздарына, сыйлы, қадірлі болған. Өйткені бәрінің де өмірі, өнері, өнегесі халықтың қаны мен жанынан жаралғандай, ел тағдыры мен мүддесі жолында рухани тұтастыққа айналған. Әрі олар тағдырлас та.

Ақын «Менің өмірім» атты өмірбаяндық шығармасында он жастан бастап өлеңге ден қойғанын, он бес жаста домбыраны қолға алып, өлең-жырда «тең басқан төрт аяғын жорға болғанын» айтады. Он жеті, он сегіз аралығында өз тұстастарынан оқ бойы озып шығып, жыр көгіндегі жарық «жұлдыздай көзге түсіп», сәуле шашады. Осындай ел таныған ақын атанған он жеті-он сегіздегі жігіт шағында-ақ Жамбылдың жырларының халықтық сипаты арта түсіп, тереңдей береді.

Жамбыл өз төңірегіндегі ақындарды он алты жасында-ақ тегіс танып болады, олармен жиын-тойларда бірге болып, көптеген өлең-жыр, күй үйренеді, өзі де өнерін көрсетеді. Өзі қатарлы ақындармен айтысып та жүреді. Ақынның жас кезіндегі өлеңдерінің де, айтыстарының да көпшілігі, өкінішке орай, бізге жетпеді. Ел арасында сақталған, ақынның өзі де есінде ұстаған осындай айтыстарының бірі — Жамбыл мен Сайқал қыздың айтысы.

Сайқал Таластың төменгі сағасында аты шығып жүрген ақын қыз. Жамбылдан жасы аздап үлкен болса керек. Елінен жалғыз шығып жүрген салт атты, сабау қамшылы саяқ деп, Жамбылды үнемі кемсітеді екен.

Қыздың бұл мінезін байқаған Жамбыл айтысуға бел буады. Жігіттің айтыспақ ниетін қыз да байқайды. Ол да іштей дайындалып жүреді. Бірде көрші ауыл ақындарының біразын қасына ертіп, Жамбыл Сайқал қыздың үйіне келеді. Ақ боз үйде, ақ торғын көйлек киген аққұбаша сұлу қыз сәнді кебісін аяғының басына іліп, көсілген аяғын бір көтеріп, бір түсіріп ойнап отыр екен. Жамбыл үйге кіріп барса әлгі қыз:

Жіп айыл, күр кұйысқан, киіз терлік,  
Япыр-ау, бір соны елді жаңа көрдік.  
Жиылған ақсақалдар, бозбалалар,  
Қалайша бұл Жамбылға жауап бердік?

дейді. Сонда Жамбыл:

Арқаның жардай болар сары нары,  
Кетпейді Алатаудың жаздай қары.  
Істікке шанышқан сирақтай қып,  
Қуартпай аяғынды тартсаңшы әрі,—

депті.

Бұрын ауыл арасында ақын аты шығып жүрген азаматтардың біразымен сөз қағыстырып, басым түсіп жүргенмен, дәл мынандай тосыннан суырып салып әрі қысынын тауып айтатын ақынды Сайқал кездестірмеген еді. Сәнді кебіс ілген аяғын бір көтеріп, бір түсіріп ойнап отыруы оның қыз басына үлкен мін екенін, сол мінін Жамбылдың көріп қана қоймай, уытты жырға айналдырып салғанына куә болған қыз жауап сөз қайтаруға жарамай, тосылып қалады. Қыздың мүдіріп қалғанын байқаған жеңгесі айтысқа араласады. Жамбылдың аяғындағы мәсісі ескі, қалпағы көнелеу болса керек. Қыз бен оның жеңгесі бірін-бірі демеп, Жамбылдың басы мен аяғын олқы көріп, кедейлігін айтады, елінен жалғыз келіп, сауық құрып жүрген саяқ кезбе деп кемсітеді. Қыз бен оның жеңгесінің сөзіне, жеке басына тиіскен астамшылығына шыдай алмаған ақын сөзінің бар уытын алдымен қызға жұмсайды:

Атыңды қойған екен тауып Сайқал,  
Әркім мініп тастаған сен бір байтал,  
Қалай-қалай сөйлейсің, ей, әдепсіз,  
Әлгі айтқан сөзіңнің бәрін қайта ал!

Мінін дәл айтқан соң үнсіз отырып қалады. Сонда қыздың жеңгесі тоқтамай, әр нәрсенің басын шатып, ақынның намысына тие түседі. Сөйтіп отырып, иегін сипай береді. Әйелдің иегінде теміреткі секілді бір боларболмас қана байқалатын жарақатының ізі болса керек. Соны байқаған ақын: